

## Ақтөбе облысы Темір ауданының әкімшілік-аумақтық құрылышындағы өзгерістер туралы

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2023 жылғы 13 желтоқсандағы № 351 қаулысы және Ақтөбе облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы № 91 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 20 желтоқсанда № 8470 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 2), 3) тармақшаларына сәйкес және Темір ауданының өкілді және атқарушы органдарының пікірін ескере отырып, Ақтөбе облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Ақтөбе облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Темір ауданының Сарқөл ауылдық округінің Сарқөл ауылы таратылсын.

Темір ауданының Сарқөл ауылдық округінің Шұбарши кентінің шекаралары, оның құрамына жалпы көлемі 6 815 гектар таратылатын Сарқөл ауылының аумағы қоса отырып өзгертулсін.

Сарқөл ауылдық округінің Шұбарши кентінің шекарасы жалпы ауданы 26 518 гектар болып белгіленсін.

2. "Ақтөбе облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" және "Ақтөбе облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемелері Темір ауданының әкімдігімен бірлесіп әкімшілік-аумақтық бірліктерді күтіп-ұстауды жоспарлау және қаржыландыру мәселелерін шешсін және әкімдіктің осы бірлескен қаулысынан және мәслихат шешімінен туындастын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

3. "Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі Темір ауданының әкімшілік-аумақтық құрылышында жүргізілген өзгерістерге сәйкес жер-кадастрық құжаттаманы келтірсін.

4. Осы әкімдіктің бірлескен қаулысының және мәслихат шешімінің орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

5. Осы Ақтөбе облысы әкімдігінің бірлескен қаулысы және Ақтөбе облыстық мәслихатының шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі

Облыстық мәслихаттың төрағасы

А. Шахаров

Г. Суентаева